Бекітемін
«Сырдария» университетінің ректоры,
т.ғ.к. доцент С.Д. Мамраимов
_____ «29» _____ 2020 жыл

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

## УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

*УЕ-08-20*

## *БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ*

### АЛҒЫ СӨЗ

1. Тіркеу офисімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Тіркеу офисінің басшысы А.Н. Жанаева
   Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы Б.С. Токмурзаев
3. Келісілді – Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлім басшысы А.А. Алтыбаева
4. «Сырдария» университеті Ғылыми кеңесінің 29 сәуір 2020 № 10 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2019
6. Тексерілу мерзімі – 2020

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

Жетісай, 2020

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің қағидалары (бұдан әрі – Ереже) кредиттік технология бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау мәселелерін реттейтін университеттің қызметіне қойылатын бірыңғай талаптарды орнатады және «Сырдария» университетінде емтихан түрлері мен нысандарын анықтайды.

1.2. Осы Ереже университеттің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын және білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау өткізуге қатысатын басқармаларында, факультет деканаттарында, кафедралар мен басқа да құрылымдарында міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

## 2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

2.1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының №319 Заңы
2.2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген;
2.3. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген;
2.4 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы

## 3.1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1.1.Осы Ереже университеттің барлық кафедралары мен факультеттері үшін Білім алушылардың оқу жылындағы оқу жетістіктерінің ағымдық бақылауына, аралық аттестаттау өткізудің бірыңғай тәртібін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес анықтайды.

3.1.2. Осы Ереже білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау өткізу, емтиханға жіберілу, емтихан тапсыру және академиялық қарыздарын жою тәртібін реттейді.

## 3.2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

3.2.1. Білім алушылардың білімін өлшеу құралдары университеттің профессор-оқытушы құрамы тарапынан бірнеше түрде құрастырылады:

- бақылау сұрақтары;
- емтихан билеттері;
- тест сұрақтары;
- реферат;
- коллоквиум;
- эссе;
- презентация;
- жағдаяттық тапсырма;
- іскерлік ойындар;
- топтық жоба;
- жеке жоба;
- глоссарий;
- курстық жұмыс (жоба), магистранттардың есептері, зертханалық, есептік-графикалық жұмыстар және т.б. тапсырмалар.

3.2.2. Бақылау сұрақтары оқу бағдарламасының барлық тақырыптарын қамтиды.

3.2.3. Емтихан билеті – ауызша және жазбаша емтихан кезінде білім алушылардың білімін бақылауға арналған сұрақтар тізімі жазылған құжат.

3.2.4.Аралық аттестаттауда пайдаланылатын тест сұрақтары мен емтихан билеттерін кафедралар дайындайды. Білім алушылардың білімін бақылау-өлшеу құралдарының мазмұны мен сапасына құрастырған оқытушы және кафедра меңгерушісі тікелей жауапты.

3.2.5. Реферат – әдебиеттерге міндетті түрде шолу жасай отырып, мәселені жазбаша мазмұндау немесе ғылыми жұмыстың, кітаптің мазмұнын талдай отырып баяндау.

3.2.6. Коллоквиум – оқу материалын меңгеру сапасын анықтау мақсатымен пәннің оқылған тақырыптары бойынша сұхбаттасу түрінде өткізілетін білім алушының өзіндік жұмысын бақылау формасы.

3.2.7. Эссе – сын, публицистика және сол сияқты т.б. жанрдағы өзекті мәселе бойынша өзінің жеке көзқарасының жазбаша тұрдегі мазмұндамасы.

3.2.8. Презентация – белгіленген мәселе бойыншанегізгі қағидаларды слайд, бейнеролик және т.б материалдар арқылы көрсете отырып жасайтын ауызша баяндама.

3.2.9. Жағдаяттық тапсырма – әртүрлі жағдайлардың сипаттамасы мен оларға байланысты тапсырмалар тізімдемесі.

3.2.10. Іскерлік ойындар – білім алушының болашақ кәсіби қызметіне байланысты дағдыларды қалыптастыруға бағыттылған және алдын-ала дайындық пен өз бетінше аяқтауды талап ететін кез-келген процестің имитациясы.

3.2.11. Топтық жоба – 3-5 білім алушыдан тұратын топтың жоба жасауына

арналған тапсырма.

3.2.12. Жеке жоба – дайындық деңгейі жоғары білім алушылар үшін өзекті тақырып бойынша зерттеу жобасын әзірлеуге арналған тапсырма.

3.2.13. Глоссарий (тізбек сөздер) – берілген тақырып бойынша терминдер мен түсініктердің қысқаша анықтамасы.

3.2.14. Курстық жұмыс – бұл ғылыми-зерттеу жұмысында білік пен дағды алатын, өз бетімен жеке орындайтын оқу ғылыми-әдістемелік жұмыс. Білім алушылар курстық жұмысты білім беру бағдарламасының негізгі пәндерінен анықталған талаптарға сәйкес, белгіленген мерзімде орындайды.

## 3.3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ

3.3.1. Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен
құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар «А»-дан «D»-ға дейін азаю арқылы және «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F») балдармен бағаланады (1-қосымша). Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы бақылауды қамтиды.

3.3.2. Тілдер бойынша (шет тілі, қазақ, орыс) білім алушылардың оқудағы жетістіктері оларды оқытудың дәрежелік моделіне сай осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес шкала бойынша бағаланады.

3.3.3.Ағымдық бақылау бақылау шараларының кестесі түрінде бірегей ағымдық аттестаттау жүйесіне біріктірілген түрлі бақылаудың дәстүрлі және жаңа түрлерін құрайды.

3.3.4.Білім алушылардың семестр кезіндегі жұмысы жетекші оқытушылардың оқу пәндерінің түрлі бөлімдерін меңгеру үшін жасалған кестелеріне сәйкес бағаланады.

3.3.5.Ағымдық бақылау формалары, олардың саны оқу пәнінің мазмұнына және көлеміне байланысты болады. Оларды пән ерекшілігіне сәйкес оқытушылар жасайды және ПОӘК енгізіледі. Оқытушылар ағымдық бақылаудың формасы ретінде білім алушының ғылыми конференциядағы баяндамасын, жинақтаған білімін тәжірибе жүзінде қолдануларына байланысты басқа да шараларға қатысуларын да қабылдай алады.

3.3.6.Оқу материалын игеруде ағымдық бақылау семестр бойына біртекті бөлінген жөн.

3.3.7. Пән бойынша үлгерімнің ағымдық бағасы білім алушының әр орындаған жұмысының бағаларының орташа бағасы болып табылады.

3.3.8.Оқытушы білім алушыларды пән бойынша үлгерімнің ағымдық бақылау формалары және әр сабақта алған бағалары туралы дер кезінде хабардар етіп отыру қажет.

3.3.9.Білім алушылардың сабақтарға қатысуларын және олардың белсенділігін бағалау оқу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде қаралып және

білімді терең және жан – жақты игеру мақсатында жүргізіледі.

3.3.10.Дәлелді себептермен оқу сабақтарына қатыспаған білім алушылар оқытушыға өткен тақырыптар бойынша тапсырмалар тапсыру қажет.

## 3.4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АҒЫМДЫҚ АТТЕСТАТТАУ

3.4.1.Білім алушының үлгерімінің ағымдық бақылауының нәтижесі білім алушының семестр бойы жұмысының көрсеткіші ретінде ағымдық аттестаттау (1 және 2 межелік бақылаулар) болып табылады.

3.4.2.Білім алушының үлгерімінің ағымдық бақылауы олардың үлгерімін және сабақтарға қатысуларын анықтауды көздейді, олардың қатынасы бақылау кезеңіндегі әр білім алушының оқу кезіндегі және материалды игеру кезіндегі белсенділігін білдіреді.

3.4.3.Ағымдық бақылау кезінде білім алушының сабақтардағы белсенділігі, бақылау шараларын дер кезінде өткендігі, теориялық сабақтарды игеру дәрежесі, тәжірибелік машықтану дәрежесі, өзіндік жұмысқа қабілеттілігі және т.б. ескеріледі.

3.4.4.Аудиториялық сабақтардың 25%-на қатыспаған және жоспарланған жұмыстардың көлемін орындамаған білім алушы емтиханға жіберілмейді.

3.4.5.Оқытушы бір семестр бойы барлық білім алушылар үшін семестр бойы оқылатын пәндерден екі міндетті межелік бақылауды келесі мерзімдерде өткізеді: бірінші межелік бақылауды – 7 (жетінші) аптада және екінші межелік бақылауды – 15 (он бесінші) аптада. Ағымдық және межелік бақылауларды коллоквиумдар, компьютерлік немесе матрицалық тест сұрақтары, жазбаша жұмыстар түрінде, білім алушылардың диспуттарға, дөңгелек үстелдерге, іскерлік ойындарға қатысуларын бағалау және т.б. түрінде өткізуге болады.

Ағымдық және межелік бақылауларды өткізу формалары туралы толық ақпарат пән силлабусына енгізіледі.

Ағымдық бақылаудың нәтижелерін оқытушылар «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің межелік бақылау ведомосына аттестациялық аптадан кейінгі дүйсенбіден кешіктірмей енгізу қажет.

Ағымдық бақылаудың нәтижелерін көтеру мақсатында өзгертуге жол берілмейді.

3.4.6. Әрбір межелік бақылау апталығына дейін профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды (практикалық, лаборатория, семинар, ОСӨЖ, СӨЖ, ОМӨЖ, МӨЖ және т.б.) сабақтарында 3, 5, 7, 10, 12, 15 апталарда бағалап, «Platonus» бағдарламасына енгізіп отырады.

Білім алушының қорытынды бағасының 30 пайызын ағымдық бақылау (практикалық, лаборатория, семинар, ОСӨЖ, СӨЖ, ОМӨЖ, МӨЖ), 30 пайызын межелік бақылау, қалған 40 пайызын емтихан құрайды. Межелік бақылауға білім алушы ағымдық бақылаудан кем дегенде 50 балл жинағанда ғана жіберіледі.

**Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:**

**Қорытынды бағалау(ҚБ) = 0,15*АБ1+ 0,15*МБ1+0,15*АБ2+0,15*МБ2+0,4*Е**

Мұндағы:

АБ1 - 3,5,7 апталардағы ағымдық бақылаулардың орта балы

МБ1- 1-7 апталарда өтілген тақырыптар бойынша алынған бақылаудың (бірінші межелік бақылау) нәтижесі

АБ2 - 10,12,15 апталардағы ағымдық бақылаулардың орта балы

МБ2 - 8-15 апталарда өтілген тақырыптар бойынша алынған бақылаудың (екінші межелік бақылау) нәтижесі

Е - Емтихан бағасы

3.4.7.Ағымдық бақылау нәтижелері білім алушыларға хабарланып, кафедра мәжілістерінде және факультет Кеңестерінде талқыланады, нәтижесінде білім алушылардың сабақтарының сапалы жүруін және өзіндік жұмыстарын жетілдіру, оларды әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету шаралары қабылданады.

## 3.5. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ

Емтихан сессиясынан екі апта бұрын сала басшыларының өкімімен келесі құжаттар әзірленеді:

- емтиханның барлық нысаны бойынша апелляциялық комиссия құрамы;
- кезекші оқытушылар тізімі.

Аралық аттестаттауға дайындық кезеңінде келесі жұмыстар орындалады:

1) емтихан түрлері анықталады;
2) емтихан кестесі дайындалады және бекітіледі;
3) емтихан материалдары құрастылады, тексеруден өтеді және рәсімделеді;
4) компьютерлік тестілеу өткізуге дайындық жүргізіледі;
5) «Platonus» ААЖ-не емтихан мәліметтерін енгізу тәртібі орнатылады.

**3.5.1.Емтихан қабылдау түрлерін анықтау**

3.5.1.1. Емтихан қабылдау түрлерін кафедралар белгілейді.

3.5.1.2. Емтихан қабылдау түрлерінің ішінде жазбаша емтихан саны басым болу керек.

3.5.1.3.Емтихан қабылдау түрлері кафедра мәжілісінде қаралады және шешім хаттамамен рәсімделеді.

3.5.1.4. Емтихан өткізу түрлерін кафедралар (жазбаша, жазбаша-ауызша немесе тест, дифференциалды сынақ түрінде) белгілейді, Ғылыми Кеңесте бекітіледі және ТО мен ЖООКББ бөліміне тапсырылады.

**3.5.2.Емтихан кестесін дайындау және бекіту**

3.5.2.1. ТО және ЖООКББ бөлімі емтихан кестесін университеттің академиялық күнтізбесіне, жұмыс оқу жоспарына және бекітілген емтихан түрлеріне сәйкес дайындайды.

3.5.2.2.Деканаттармен келісілген соң, емтихан кестесін жетекші проректорлар бекітеді.

3.5.2.3.Бекітілген емтихан кестесінің көшірмесі емтихан сессиясының басталуына екі апта қалған мерзімнен кешіктірілмей деканаттарға беріледі. Әрі қарай деканат емтихан кестесін оқытушылар мен білім алушылар назарына жеткізеді.

**3.5.3.Емтихан материалдарын құрастыруға, тексеруге және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар**

Аралық аттестаттауда пайдаланылатын тест сұрақтары мен емтихан билеттерін кафедралар дайындайды. Білім алушылардың білімін бақылау-өлшеу құралдарының мазмұны мен сапасына магистрлік диссертация жетекшілері, құрастырған оқытушы және кафедра меңгерушісі тікелей жауапты.

Емтихан материалдары (билеттер, тест тапсырмалары, т.с.с.) емтихан сессиясы басталардан бір ай алдын дайындалуы керек.

Оқытушы білім алушыларға тек тақырыптық сұрақтарды ғана береді. Дайын емтихан материалдарын беруге рұқсат етілмейді.

Емтихан материалдарын уақытылы тапсырылуын ТО және ЖООКББ бөлімі қадағалайды.

**3.5.3.1.Ауызша, жазбаша және аралас емтихандарының емтихан билеттеріне құрастыруға қойылатын талаптар**

Билеттер бақылау сұрақтары негізінде құрастырылады және пән бойынша білім алушының оқу жетістігін бағалауға мүмкіндік беруі керек.

Емтихан билеттеріне алдын сараланған сынақ немесе емтихан өткізілген материалдар енбеуі керек. Билет сұрақтарын талап етілетін білім мен дағдыларды ескере отырып, пән мазмұны бойынша құрастыру қажет.

Әрбір пән бойынша билетте сұрақтар саны үшеуден кем болмауы тиіс. Егер пән практикалық бағытта болса, онда бір сұрақ практикалық тапсырмаларды орындай алуын, есептерді шеше алу қабілетін айқындайтын болуы керек. Пән бойынша емтихан билеттерінің саны 25-тен кем болмауы керек.

Емтихан билетінің тармақтары хабарлы сөйлем түрінде құрылуы керек. Тексерілетін оқу материалының күрделілік деңгейі мен сұрақтардың еңбек көлемі үйлесімді болуы керек. Емтихан билеттерінің сұрақтары оқу пәнінің бүкіл көлемін қамту керек.

Ауызша, жазбаша және аралас емтихандардың емтихан билеттеріне құрастырған оқытушы мен кафедра меңгерушісі қол қояды. Тақырыптық сұрақтар тізімі емтиханға дайындалуы үшін білім алушыларға ұсынылады.

**3.5.4.Компьютерлік тестілеу өткізуге дайындық.**

Компьютерлік тестілеу білім алушылардың білімін бағалаудың бір түрі болып табылады.

Компьютерлік тестілеуге дайындық келесі қадамдардан тұрады:

1. Пәндер бойынша компьютерлік тестілеуде қолданылатын тест тапсырмалары құрастырылады;
2. Емтихан мәліметтерін «Platonus» ААЖ-не енгізу тәртібі. Емтихан сессиясының пәндері бойынша тест тапсырмаларының қорын құру.

3. Компьютер кластарын тестілеуге дайындау, кезекші оқытушыларды бекіту

және бөлу.

**3.5.4.1.Компьютерлік тестілеу өткізуге арналған тест тапсырмаларын құрастыруға қойылатын талаптар**

Тест тапсырмаларын ағымдық, межелік бақылау немесе емтихан сессиясы кезеңінде аралық аттестаттау өткізу үшін қолдануға болады.

Пән бойынша тест тапсырмаларын осы пәнді жүргізетін оқытушы, яғни лектор құрастырады.

Емтиханды компьютерлік тестілеу түрінде өткізу үшін қолданылатын емтихан материалдарын құрастыру, тексеру және рәсімдеу осы Ереженің 3.5.3.1 тармағына сәйкес жүзеге асады.

Пән бойынша тест сұрақтарының саны пәннің кредитіне байланысты анықталады. 1 кредитке 80 сұрақ дайындалуы керек.

Тест сұрақтараның мазмұнына тікелей құрастырған оқытушысы жауапты. Тест тапсырмаларында дұрыс жауапты басқа жауап нұсқаларынан ерекшелейтін қандайда да бір белгілер (тыныс белгілері немесе сөз арасындағы артық бос орын, жалпы мәтіннен өзгеше шрифт, т.с.с.) қолданылмауы және «Platonus» ААЖ-не енгізу талаптары сақталуы тиіс.

Әрбір тест сұрағында 5 жауап, оның біреуі дұрыс, қалғандары мағынасы жақын, бірақ дұрыс емес жауаптар болу керек.

Тест тапсырмалары төмендегідей үлгіде рәсімделеді:

<question>сұрақ мәтіні

<variant>дұрыс жауап

<variant>жауап нұсқасы

<variant>жауап нұсқасы

<variant>жауап нұсқасы

<variant>жауап нұсқасы

Мұнда <question> арнайы сөзінен (тегінен) кейін мәтіні жазылады. Жеңіл сұрақтарда <question> орнына <question1>, орташа сұрақтарда <question2>, ал күрделі сұрақтар <question3> деп жазылады.Ал <variant> арнайы сөзінен кейін жауап нұсқасы жазылады. Әр жауап жаңа жолдан жазылады. Біірінші жауап нұсқасы дұрыс жауап болып табылады. Мұны тест құрастыру барысында ескеру керек. Тест тапсырмаларын құрастырғанда сұрақтың реттік нөмірін, ал жауап нұсқаларында А), В), С), т.с.с. әріптік белгі қойылмайды.

**3.5.4.2. Компьютер кластарын тестілеуге дайындау, кезекші оқытушыларды бекіту және бөлу**

Компьютер кластарын тестілеуге дайындықты емтихан сессиясы басталғанға 3 жұмыс күні қалғанға дейін АжИТО қызметкерлері тарпынан жүргізеді. Дайындық барысы академиялық күнтізбеге сәйкес жүретін оқу үдерісінің кестесіне кедергі келтірмеу керек.

Барлық компьютер кластарындағы компьютер саны анықталады, компьютер техникаларына диагностика жүргізіледі.

АжИТО қызметкері емтихан сессиясы кезеңінде емтихан басталуына 30

минут қалғанда аудиторияны дайындайды және тестілеу программасының жұмысының дайындығын іске асырады.

Емтихан сессиясы басталардан 1 апта алдын кезекші оқытушыларымен түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Оларға төмендегідей қызметтер міндеттеледі:

1) Білім алушыларды жеке куәлігі, бейджигі арқылы сәйкестендіреді;
2) Тестілеу технологиясының қатаң сақталуына, білім алушының тәртібіне (шпаргалка, телефон пайдаландырмау, тыныштық сақтау) жауапты, компьютерде техникалық ақаулық, кей жағдайда акт жасайды;
3) Тестілеу аяқталған соң емтихан ведомосына қол қояды;
4) Егер келіспейтін жағдай болып жатса, дер кезінде АжИТО,ТО және ЖООКББ бөлімінің қызметкерлерінің назарына жеткізеді.

Компьютерлік тестілеуден басқа емтихан түрлерін өткізуге пәннің бейінділігіне сәйкес келетін біліктілікке ие ПОҚ арасынан тәуелсіз емтихан қабылдаушылар тартылады.

Тәуелсіз емтихан қабылдаушылар факультет деканының өкімімен бекітіледі. Өкім ТО-не және ЖООКББ бөліміне тапсырылады.

Тәуелсіз емтихан қабылдаушылардың міндетіне келесілер кіреді:

- емтихан материалдарын қабылдау;
- емтиханға міндетті түрде қатысу;
- құжатты рәсімдеуде көмек көрсету;
- емтиханның дұры өтуін қадағалау;
- емтихан ведомостарына қол қою.

## 3.6. ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ ПРОЦЕДУРАСЫ

### 3.6.1. Емтихан өткізудің жалпы ережесі

3.6.1.1.Жетекші проректорлардың жазбаша рұқсатынсыз емтихан өткізу рәсіміне қатыспайтын тұлғалар жіберілмейді.

3.6.1.2.Аудиториялық емтихандық билеттерді үйіне беру рұқсат етілмейді.

3.6.1.3.Емтихандық жауаптарды дайындаған кезде білім алушылар қара немесе көк түсті қаламсаппен (сызғыш, қарындаш) қолданады.

3.6.1.4.Білім алушының әрбір емтихандық сұраққа жауаптарын әзірлеуінің ұзақтығы 10 минут құрайды.

3.6.1.5.Әрбір білім алушы жеке жұмыс орнымен қамтамасыз етілуі керек.

3.6.1.6.Емтихандық билеттер сұрақтарының жауаптары қатаң түрде дербес сипатта болады.

3.6.1.7.Емтихан өткізу барысында білім алушылардың бір-біріне кеңес берудің барлық түрлеріне тыйым салынады.

3.6.1.8.Емтихан өткізу барысында білім алушылар емтихан қабылдаушының рұқсатымен пәннің оқу бағдарламасы және силлабусқа сәйкес анықтама әдебиетімен пайдалана алады.

3.6.1.9.Емтихандарда мобилдік байланыс құралдарын қолдануға тыйым салынады.

3.6.1.10. Емтиханның жүргізу ретін бұзғаны үшін білім алушы емтиханнан

шығарылып, емтихан ведомосына «қанағаттанарлықсыз» баға қойылады. Жазбаша түрде аттестация жүргізген кезде білім алушы әрбір түзету тұсына «түзетілген» деген белгі және жеке қолын қояды.

3.6.1.11.Білім алушыға емтихан уақытында емтиханның аяқталуына дейін рұқсатсыз дәрісхананы тастап кетуге болмайды.

3.6.2.Факультет деканының өкімімен оқу төлемақысын толық төлеген, пререквизиттер бойынша академиялық қарызы жоқ, академиялық демалыста немесе ұзақ мерзімді емделуде емес білім алушылардың сессияға жіберілуі жүзеге асырылады және білім алушының академиялық тобы, тегі, аты-жөні, курсы және білім беру бағдарламасы көрсетіледі.

Деканаттардың өкімдері емтиханды өткізу үшін ТО-не және ЖООКББ бөліміне беріледі және ТО мен ЖООКББ бөлімі емтиханның басталуына дейін әрбір білім алушының тегінің тұсына қойылған тіркеушінің тиісті белгісімен ведомосы емтихан қабылдаушыға тапсырады.

3.6.3.Аталған пән бойынша рұқсатнама рейтингісінде оң бағасы жоқ білім алушылар қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберілмейді.

3.6.4.Университетте емтихандар Ғылыми Кеңесте анықталған формада жүргізіледі.

3.6.5.Емтиханды өткізу үшін біліктіліктері сол пәннің бейініне сәйкес келетін алдыңғы қатарлы профессорлар мен доценттер арасынан 3 адамнан кем емес емтихан қабылдаушылар факультет декандарының өкімдерімен бекітіледі.

3.6.6.Емтихан кестеде көрсетілген дәрісханада және уақытында басталуы керек. Емтиханның (сынақтың) өткізілу уақытын және орнын емтихан қабылдаушыға өз еркімен өзгертуге болмайды.

3.6.7.Емтихан қабылдаушы емтихан жүргізілетін дәрісханаға білім алушыны сынақ кітапшасы және жеке куәлігі бойынша кіргізеді.

**3.6.8.Жазбаша емтихан түрін өткізу процедурасы**

3.6.8.1. Жазбаша емтиханды пәнге қатысты материалдардың басым бөлігі есептерді шығару, формулаларды шығару, теоремаларды дәлелдеу және т.б. тұратын немесе сағат саны бойынша аранайы, негізгі, көлемді болып табылмайтын және толық жауапты талап етпейтін, бірақ ұғыммен, логикалық ойлаумен, қорытынды жасаумен байланысты теоретикалық пәндерден өткізуге ұсынылады.

3.6.8.2. Емтиханды тәуелсіз емтихан алушы өткізеді.

3.6.8.3.Жазбаша емтиханның ұзақтығы (уақыты) материалдардың көлеміне байланысты әрбір пән бойынша кафедрамен бекітіледі. Алайда 3 сағаттан аспауы қажет.

3.6.8.4.Әрбір жұмыс парағында тексерушіге ескертулерді жазу және белгі қою үшін орын қалдырылады.

3.6.8.5. Емтиханның алдында ТО және ЖООКББ бөлімі емтихан алушыларға емтихан билеттері және түбіртегі салынған конверттерді, ТО мен ЖООКББ бөлімінің мөртаңбасы қойылған жауап парақтарын таратады (8-қосымша).

3.6.8.6. Емтихан аяқталғаннан кейін тәуелсіз емтихан алушы шифрлеу процедурасын (тәртібі) өткізу үшін деканатқа түбіртектер қосылған жауап

парақтарын тапсырады. Шифрлерді ТО мен ЖООКББ бөлімі өздері жеке береді. Шифрі бар түбіртексіз жауап парақтары тәуелсіз емтихан алушы мен оқытушыға тексеріс жасау үшін беріледі.

3.6.8.7.Жазбаша тапсырмалар емтихан өткен аудиторияда немесе ТО мен ЖООКББ бөлімі бөлген бөлмеде тексеріледі. Университеттен тыс жерде емтихандарды тексеруге жол берілмейді.

3.6.8.8.Емтихан нәтижелерін пәнге жауапты оқытушы «Platonus» ААЖ-ндегі электронды журналға енгізеді. Қағаз ведомостағы және электронды ведомостағы емтихан балдары бірдей болуы керек. Егер сәйкессіздік болып жатса, ведомостың қағаз нұсқасы негізге алынады.

3.6.8.9. Толтырылған және емтихан қабылдаушылардың қолы қойылған ведомость ТО-не және ЖООКББ бөліміне емтихан болған күні тапсырылады.

**3.6.9.Шығармашылық емтиханды өткізу процедурасы.**

3.6.9.1.Шығармашылық емтихан білім алушыдан сауаттылықты, шығармашылық ойлауды және жаңашылдық қабілеттererді талап ететін тапсырмаларды қосады.

3.6.9.2.Емтихан кезінде білім алушы өз білімінің деңгейі менептілігін толық түрде көрсете алу үшін оған қолайлы және жайлы жағдайлар жасалуы тиіс.

3.6.9.3.Кафедра білім беру бағдарламасының ерекшелігі мен тапсырманың көлеміне байланысты емтихан ұзақтылығын орнатады.

3.6.9.4.Шығармашылық емтихан бойынша оқытушылардың шығармашылық қабілеттерінің нәтижесін бағалайтын тәуелсіз емтихан алушы мен оқытушыдан тұратын емтихан комиссиясы құрылады.

3.6.9.5.Шығармашылық емтихан аяқталғаннан кейін қорытынды бағалар емтихан ведомосына енгізіліп, емтихан комиссиясы мүшелері қол қояды.

3.6.9.6.Емтихан нәтижелерін пәнге жауапты оқытушы «Platonus» ААЖ-ндегі электронды журналға енгізеді. Қағаз ведомостағы және электронды ведомостағы емтихан балдары бірдей болуы керек. Егер сәйкессіздік болып жатса, ведомостың қағаз нұсқасы негізге алынады.

3.6.9.7. Толтырылған және емтихан қабылдаушылардың қолы қойылған ведомость ТО мен ЖООКББ бөліміне емтихан болған күні тапсырылады.

**3.6.10. Компьютерлік тестілеу өткізу процедурасы**

Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихандар бекітілген кестеге бойынша өткізіледі.

3.6.10.1. Компьютерлік тестілеу «Platonus» ААЖ-нде өткізіледі.

3.6.10.2.Білім алушыда өзімен бірге тұлғасын растайтын құжат (сынақ кітапшасы, жеке куәлік, төлқұжат) болуы керек және оны класқа кірердің алдында көрсетуі тиіс. Тест кезінде құжат үстел үстінде ашық күйінде жатуы керек.

3.6.10.3.Білім алушылардың емтиханға кіргізу және тест нәтижелерін тіркеу журналына тіркелуін кезекші оқытушы қадағалайды.

3.6.10.4.Компьютерлік тест түрінде емтихан тапсыру үшін білім алушы өзінің тіркеу кезеңінде берілген логині мен паролін білуі қажет.

3.6.10.5.Тестілеушімен тапсырмаға жауап беру барысында компьютерге еңгізетін мәлімет автоматты түрде, адамның қатысуынсыз өңделеді. Сондықтан,

жауап таңдаған кезде әр тапсырманы мұқият оқып «тышқанмен» мұқият жұмыс істеу керек.

**3.6.11.Компьютерлік тестілеу кезіндегі білім алушының тәртіп ережелері**

3.6.11.1.Білім алушы компьютерлік класқа емтихан тапсыру үшін тек ғана ТО мен ЖООКББ бөлімінің рұқсатымен кіре алады.

3.6.11.2.Емтиханға 10 минуттан астам кешіккен білім алушы класқа кіргізілмейді. Бұл емтиханды білім алушы сессия кезеңі аяқталған соң факультет деканының рұқсатымен тапсыра алады.

3.6.11.3.Емтихан басталғаннан кейін білім алушы кластан шыға алмайды. Емтихан үстінде шығып кеткен білім алушыға класқа кайта кіруге мүмкіндігі жоқ.

3.6.11.4.Бүкіл кітаптарды, дәптерлерді, жазуларды, сөмкелерді және т.б. заттарды көрсетілген жерге қалтыру керек.

3.6.11.5.Ұялы телефондар өшіріліп немесе дыбыссыз режиміне қойылу керек.

3.6.11.6.Дисктер, флэшкалар, мобильді байланыс құралдары, фотоаппараттар және видеокамералар қолдануға қатаң тыйым салынады.

3.6.11.7.Емтиханға білім алушылар өзімен бірге тек ғана қалам, таза парақ және есеп операцияларын жасау үшін калькулятор алады.

3.6.11.8.Емтихан қатаң тыныштықта өткізілуі керек. Білім алушылар қалам, қарындаш, калькулятор және т.б. заттарды бір-бірінен сұрауына, беруіне болмайды.

3.6.11.9.Оператор немесе кезекші оқытушыдан басқа біреумен хабарласу Ережені бұзушылық деп есептеледі.

3.6.11.10.Шпаргалка қолдану амалдары да Ережені бұзушылық деп есептеледі.

3.6.11.11.Жүйеде техникалық ақаулар пайда болғанда компьютерлік класта тәртіп және тыным сақтау керек.

3.6.11.12.Тест өтуге байланысты қиындықтар туса операторға немесе кезекшіге ескерту керек.

3.6.11.13.Қойған талаптар бұзылса, тестіленуші компьютерлік кластан шығарылады да, бұл жайт кезекшінің немесе оператордың актында тіркеледі. Ведомость білім алушының кластан шығарылған сәтте алынған баға қойылады. Тестіленушінің наразылығы қабылданбайды.

**3.6.12.Ауызша емтихандарды өткізу процедурасы.**

3.6.12.1.Ауызша емтиханды өткізу кезінде әрбір емтихан алушы (тәуелсіз емтихан алушы және оқытушы) Ауызша емтихан парағын толтырады. Аталған парақта әр білім алушының жауап беру уақытының басталуы мен аяқталуы, билет сұрақтары мен қосымша сұрақтарға жауабының дұрыстылығы мен толықтылығы белгіленеді. Сонымен қатар білім алушының жауабына қойылған бағаның қасына емтихан алушылардың қолдары қойылады.

3.6.12.2.Қорытынды баға емтихан ведомосына енгізіліп, оған тәуелсіз емтихан алушы мен пәнді жүргізетін оқытушы қол қояды.

3.6.12.3.Емтиханның ауызша түрлерін өткізу кезінде аудиторияда білім алушылардың жалпы саны – ден аспауы қажет.

3.6.12.4.Алғашқы кірген жеті білім алушыларға емтихан сұрақтарына жауап беру үшін дайындыққа 30 минут және кейінгі әрбір білім алушыға 10 минут беріледі

**3.6.13.Аралас емтихандарды өткізу процедурасы.**

3.6.13.1.Аралас емтихан түрі екі не одан көп кезең бойынша өткізіледі.

- жазбаша тапсырманы орындау;
- емтиханның ауызша түрі;
- тыңдау,
-тестілеу және т.б.

3.6.13.2.Әрбір кезең ауызша және жазбаша емтиханды өткізу процедураларына сәйкес және аталған нұсқаулықтың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3.6.13.3.Емтихан нәтижелерін пәнге жауапты оқытушы «Platonus» ААЖ-ндегі электронды журналға енгізеді. Қағаз ведомостағы және электронды ведомостағы емтихан балдары бірдей болуы керек. Егер сәйкессіздік болып жатса, ведомостың қағаз нұсқасы негізге алынады.

3.6.13.4. Толтырылған және емтихан қабылдаушылардың қолы қойылған ведомость ТО мен ЖООКББ бөліміне емтихан болған күні тапсырылады.

## 3.8. ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАСЫН ҚОЮ

3.8.1.Емтиханда білім алушының үлгерімі білімді бағалаудың халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар «А»-дан «D»-ға дейін азаю арқылы және «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F») балдармен бағаланады

3.8.2.Оңды баға (А-, А «өте жақсы», В-, В, В+, С+ «жақсы», D, D+, C, C- «қанағаттанарлық») оқу пәні бойынша емтихан ведомосы мен білім алушының сынақ кітапшасына алынған кредиттер саны көрсетіліп жазылады. «Қанағаттанарлықсыз» F, FX бағасы тек емтихан ведомосына ғана жазылады.

3.8.3.Әр пән бойынша емтихан аяқталған соң білім алушыға оның оқу жетістіктерінің бағасы болып табылатын қорытынды баға қойылады.

3.8.4.Пәннің қорытынды бағасының құрамына жіберу рейтингінің бағасы мен қорытынды бақылау бағалары кіреді.

3.8.5.Үлгерімді ағымдық бақылаудың бағасы (жіберілу рейтингі) пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 60%-ын құрайды және емтихан бағасы пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 40%-ын құрайды.

3.8.6.Оң қорытынды баға тиісті пән бойынша белгіленген кредит санымен игерілген кредиттерді толықтыруға негіз болып, білім алушының транскриптіне жазылады.

3.8.7.Білім алушы қорытынды бақылаудан (емтиханнан) «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда пән бойынша қорытынды баға есептелмейді.

3.8.8.Қорытынды бақылауда “F” қанағаттанарлық бағаны көтеру

мақсатында оны аралық аттестаттау кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

## 3.9. ЕМТИХАНДЫ ТАПСЫРУ КЕЗІНДЕГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.9.1.Егер білім алушы оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға келмесе, емтихан ведомосындағы оның фамилиясының тұсына «келмеді» деген жазу жазылады.

Білім алушының дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі.

3.9.2.Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріледі.

3.9.3.Оқу әдебиеті немесе оқу – әдістемелік материалдармен, электронды жазба кітапшалар және мобильдік байланыс құралдарымен қолдануға тиым салынады, қарсы жағдайда білім алушы емтиханнан шығарылып, емтихан ведомосына «қанағаттанарлықсыз» баға қойылады.

## 3.10. ЕМТИХАНДЫ ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІН РЕСІМДЕУ

3.10.1.Білім алушылардың үлгерімінің аралық аттестаттау нәтижелері емтихан ведомосында көрсетіледі.

3.10.2.Оңды баға оқу пәні бойынша емтихан ведомосы мен білім алушының сынақ кітапшасына жазылады. «Қанағаттанарлықсыз» F, FX бағасы тек емтихан ведомосына ғана жазылады.

3.10.3.Емтиханға келмеген жағдайда, емтихан ведомосында «келмеді» деген жазу жазылады.

3.10.4.Пәнді жүргізетін оқытушы емтихан күні ауызша, жазбаша, шығармашылық емтихан нәтижелерін емтихан ведомосына сәйкес «PLATONUS» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізеді.

3.10.5.Толығымен толтырылған емтихан ведомостарын емтихан күні оқытушы ТО мен ЖООКББ бөліміне тапсырады. ТО мен ЖООКББ бөлімінің тіркеушілері білім алушылардың рұқсатнама парағына қойылған және «PLATONUS» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне оқытушылар енгізген қорытынды бақылау нәтижелерін салыстырады.

## 3.11. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАРЫЗДЫ ЖОЮ РЕТІ

3.11.1. "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие.

3.11.2. "F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

3.11.3. Білім алушы аралық аттестаттау кезінде оқу пәні бойынша емтиханды екі реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі

Үшінші рет "қанағаттанарлықсыз" бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағасын алғанда, білім алушы қаншалықты "қанағаттанарлықсыз" бағасын алуына қарамастан ЖОО-дан оқудан шығарылады және осы пәнге қайтадан жазылу мүмкіндігінен айырылады.

Бұл ретте, білім алушы өз қалауынша басқа ЖОО-ға және (немесе) басқа білім беру бағдарламаға ауысады. Білім алушы өз қалауынша жалпы білім беретін пәндер циклінен басқа, "қанағаттанарлықсыз" бағасын алған пәні мазмұнында болмайтын басқа білім беру бағдарламасына ауысады.

## 3.12. АПЕЛЛЯЦИЯ ЖҮРГІЗУ РЕТІ

3.12.1. Қорытынды бақылау бағасымен келіспеген студент тест сұрақтары мен оның жауаптарының мазмұнында немесе емтихан билеттерінің мазмұнында сәйкессіздік орын алғанда ғана апелляцияға өтініш бере алады.

3.12.2. Қорытынды бақылау бойынша баға нәтижесімен келіспеген студенттер аппеляцияға өтініш беру құқығына ие.

Білім алушы апелляцияға өтініш бере алады:

-тест сұрақтарының мазмұнында немесе оның жауаптарының мазмұнында қате болған жағдайда;

-қорытынды аттестаттаудың басқа түрлері бойынша мазмұнымен келіспеушілік болған жағдайда.

Білім алушы апелляцияға өтінішті қорытынды аттестаттау өткен күннің ертесіне сағат 13:00 дейін тест оталығына береді.

3.12.3.Апелляциялық комиссия 24 сағат аралығында өтінішті қарастырып, бастапқы алған бағасын қалдыру немесе бағаны қайта қарастыру туралы шешім қабылдайды.

Апелляция нәтижелері хаттамамен ресімделеді және оның шешімі негізінде білім алушының жеке емтихан ведомосы жасалады, ол негізгі емтихан ведомосына тіркеледі.

## 3.13.ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

3.13.1. Білім алушылардың қосымша білім алуға, академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын жоюға, басқа білім беру ұйымдарындағы оқу пәндерін оқуға және кредиттерді меңгеруге, өзі оқитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақ тапсыруға, орташа үлгерім балын көтеруге (GPA), аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде екі дипломдық білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламасын игеруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестр ұйымдастырылады. Оның 5 аптасы – теориялық оқу, 1 аптасы – қорытынды бақылау (емтихан сессиясы). Жазғы семестрге білім алушының оқу бағдарламасын игермеген пәндері, сондай-ақ басқа мамандықтар мен басқа Университеттердің студенттеріне арналған пәндер енгізіледі.

3.13.2.Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ең төменгі өту балын жинай алмаған білім алушы үшін оның үлгерімінің орташа балын (GPA)

көтеру мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайтадан оқуға және қайтадан емтихан тапсыруға мүмкіндік беріледі

3.13.3. Жазғы семестрдегі оқу тек ақылы негізде жүргізіледі.

3.13.4. Жазғы семестрде оқыту тек ақылы негізде жүзеге асырылады. Жазғы семестр білім алушыға пәндер бойынша қанағаттанарлықсыз F бағаны жоюға, оқу жоспарындағы пән айырмасын тапсыруға, пререквизиттерді өз уақытында оқыту есебінен жеке жоспарға түзетулер енгізуге, үлгерімнің орташа балын (GPA) көтеруге мүмкіндік береді. Жазғы семестр кезінде талап етілетін кредиттерді игеру үшін білім алушының кредиті 18 кредиттен аспауы тиіс және ол жазғы семестр басталмастан бір апта бұрын тіркелуі қажет.

3.13.5. Емтиханды қайта тапсырып, оң нәтиже көрсеткен жағдайда қорытынды баға қайтадан есептеліп, емтихан ведомосына, сынақ кітапшасына және транскрипт құжатына қойылады. Үлгерімнің орташа балын есептеу барысында оқу пәні бойынша соңғы бағалар қойылады.

3.13.6. Белгілі бір пәнге тіркелген білім алушылар тобына арнайы сабақ кестесі түзіледі, ал егерде топтағы білім алушылардың саны 5-тен кем болған жағдайда сабақ жеке кесте бойынша жүргізіледі.

3.13.7. Өту балының ең төменгі көлемін жинаған білім алушылар факультет деканының (жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі директорының,) ұсынысы негізінде университет басшысының бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

3.13.8. Ең төменгі өту балын ала алмаған білім алушы оқу курсын қайта оқуға қалдырылады.

3.13.8. Қайта тапсырылған емтиханнан оң нәтиже алған жағдайда емтихан тізімдемесі мен транскриптке жазылатын қорытынды баға қайта есептеледі.

Орташа үлгерім балын есептеу барысында оқу пәні бойынша соңғы бағалар есепке алынады.

3.13.9. Транскрипте білім алушы игерген барлық оқу пәндері және (немесе) қорытынды бақылау (емтихан) бойынша барлық алынған бағалар, оның ішінде «қанағаттанарлықсыз» бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағалары міндетті түрде жазылады.

3.13.10. Оқу курсына қайта қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары немесе қайта құрастырылған жеке оқу жоспары бойынша білім ала алады.

3.13.11. Емтихандар қорытындысы және оқу үрдісін жақсарту бойынша ұсыныстар емтихандық сессия аяқталғаннан кейін университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады.

## 3.14 ҚАШЫҚТЫҚТЫН ОҚЫТУ ФОРМАТЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЕМТИХАНДАРЫН ӨТКІЗУ ПРОЦЕДУРАСЫ

3.14.1. «Сырдария» университетінде қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқытудың негізгі құралы «Platonus», «Zoom», «Webex Meetings» автоматтандырылған ақпараттық жүйелері қолданылады.

3.14.2. Емтихан мәліметтері «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі енгізіледі.

Емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын білім алушылар жүйеге қосылуы тиіс. Осы автаматтандырылған жүйеге қалай кіруге болатындығы төменде көрсетілген:

А) http://www.platon.sirdariya.kz сайтында Platonus қосымшасын таңдау қажет немесе 89.218.153.154 адрес арқылы кіруге болады.

Б) Webex платформасы бойынша: сілтеме - http://meetingsamer15.webex.com/meet/sirdariya, идентификатор: 625-621-132.

С) Zoom платформасы бойынша: сілтеме - https://us04web.zoom.us/j/4802317689, идентификатор: 480-231-7689

**3.14.1 Қашықтықтан оқыту форматында компьютерлік тестілеу түрін өткізу процедурасы:**

3.14.1.1. Компьютерлік тестілеу «Platonus» ААЖ-нде өткізіледі;

3.14.1.2. Емтихан кестесіне сәйкес білім алушы сол күнгі болатын емтиханды басталу уақытында тапсыру керек. Тапсыру уақыты 40 минут.

**3.14.2 Қашықтықтан оқыту форматында жазбаша емтихан түрін өткізу процедурасы:**

3.14.2.1. Жазбаша емтихан «Platonus» ААЖ-нде өткізіледі;

3.14.2.2. Емтиханның басталу уақытынан материалдың көлеміне байланысты тапсырылатын уақыты 3 сағаттан аспауы қажет.

**3.14.3. Қашықтықтан оқыту форматында шығармашылық емтиханды өткізу процедурасы:**

3.14.3.1. «Zoom, Webex Meetings» бағдарламалары арқылы өткізіледі (білім алушының емтихан тапсырған жазба видеосы (прокторинг) болу тиіс;

3.14.3.2. Емтиханның басталу уақытынан материалдың көлеміне байланысты тапсырылатын уақыты 3 сағаттан аспауы қажет.

**3.14.4. Қашықтықтан оқыту форматында ауызша емтиханды өткізу процедурасы:**

3.14.4.1. «Zoom, Webex Meetings» бағдарламалары арқылы өткізіледі (білім алушының емтихан тапсырған жазба видеосы (прокторинг) болу тиіс;

3.14.4.2. Емтиханның басталу уақытынан материалдың көлеміне байланысты тапсырылатын уақыты 3 сағаттан аспауы қажет;

Емтихан нәтижелерін пәнге жауапты оқытушы «Platonus» ААЖ-ндегі электронды журналға енгізеді.

Ағымдағы бағалар негізінде сумммативті бағалау (тек ерекше жағдайда арнайы рұқсатпен ғана) қойылады.

**3.14.5. Академиялық қарызды жою**

3.14.5.1. "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие.

3.14.5.2. "F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

3.14.5.3. Білім алушы аралық аттестаттау кезінде оқу пәні бойынша емтиханды екі реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі

Үшінші рет "қанағаттанарлықсыз" бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағасын алғанда, білім алушы қаншалықты "қанағаттанарлықсыз" бағасын алуына қарамастан ЖОО-дан оқудан шығарылады және осы пәнге қайтадан жазылу мүмкіндігінен айырылады.

Бұл ретте, білім алушы өз қалауынша басқа ЖОО-ға және (немесе) басқа білім беру бағдарламаға ауысады. Білім алушы өз қалауынша жалпы білім беретін пәндер циклінен басқа, "қанағаттанарлықсыз" бағасын алған пәні мазмұнында болмайтын басқа білім беру бағдарламасына ауысады.

## 3.15. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

3.15.1. Барлық бакалавр білім беру бағдарламасындағы университет білім алушылары «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша оны оқып аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

3.15.2. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттау кезеңінде өткізіледі.

3.15.3.Қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік) білім базасында жеделдете оқыту мерзімінде білім алатын білім алушылар «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін оқуға және осы пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсыруға міндетті.

3.15.4.Қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша жоғары кәсіптік білім базасында жеделдете оқыту мерзімінде білім алатын білім алуышылар «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін оқымайды және мемлекеттік емтихан тапсырмайды.

3.15.5.Мемлекеттік емтиханға дайындықты ТО және ОӘБ бірлесе отырып, «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін жүргізетін кафедра өткізеді.

3.15.6.«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін кафедра аталған пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқудың барлық нысаны мен білім беру бағдарламалары үшін бірыңғай оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

3.15.7.«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес ауызша, жазбаша және тест түрінде жүзеге асырылады.

3.15.8.Мемлекеттік емтиханды өткізу түрі университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен анықталады.

3.15.9.«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік

емтиханды қабылдау үшін факультет деканының ұсынысы бойынша құрамында төрағасы мен мүшелері бар МЕК күнтізбелік жылға құрылады.

3.15.10.«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша МЕК төрағасы, ағымдағы оқу жылының МЕК құрамы жоғары білікті оқытушылардан университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.15.11.МЕК отырыстарының кестесін ТО құрады және оны ОжОӘЖ жөніндегі проректор мемлекеттік емтиханның басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей бекітеді.

3.15.12.МЕК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

3.15.13.МЕК отырыстары әр білім алушы бойынша жеке хаттамамен осы Ереженің 7-қосымшасындағы нысанға сәйкес ресімделеді және оған комиссия төрағасы мен отырысқа қатысқан мүшелер қол қояды.

3.15.14.МЕК отырысының хаттамасын аталған пән бойынша сабақ беретін кафедраның оқу-көмекші қызметкерлерінің өкілі арасынан тағайындалған хатшы жүргізеді.

3.15.15.МЕК отырысының хаттамалары мемлекеттік емтихан басталмастан бұрын А4 форматында түптеліп, нөмірленіп, бумаланады және ТО-ның мөрімен бекітіледі.

3.15.16.Егер білім алушы МЕК отырысына келмесе, хаттамасында оның фамилиясының тұсына «келмеді» деген жазу жазылады.

3.15.17.Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда МЕК мәжілісінің хаттамасы қайтадан ресімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы қорытынды «Баға ________№__________хаттамамен кайта қаралды ____бет» деген жазумен өзгертіледі және оған қатысқан МЕК мүшелерінің бәрі қол қояды.

3.15.18.Мемлекеттік емтихан нәтижелері Білім алушылардың білімін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады
